

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 14 наурыздағы N 249 Қаулысы

Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығын, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және агроөнеркәсіптік кешеннің басым салаларын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. *(Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.02.26. N 220 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен).*

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне 2008 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 33621500000 (отыз үш миллиард алты жүз жиырма бір миллион бес жүз мың теңге, оның ішінде:

1) мемлекеттік ресурстарға астық сатып алуға - 320000000 (үш жүз жиырма миллион) теңге;

2) екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялауға - 867259673 (сегіз жүз алпыс жеті миллион екі жүз елу тоғыз мың алты жүз жетпіс үш) теңге;

3) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне лизингтік компаниялар мен екінші деңгейдегі банктер ұсынатын ауыл шаруашылығы техникасы, қайта өңдейтін жабдықтар мен арнайы техникалар лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкаларын субсидиялауға - 534740327 (бес жүз отыз төрт миллион жеті жүз қырық мың үш жүз жиырма жеті) теңге;

4) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік қолдауға ағымдағы нысаналы трансферттер (субсидиялау) - 15855600000 (он бес миллиард сегіз жүз елу бес миллион алты жүз мың) теңге;

5) осы қаулыға қосымшаға сәйкес "ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамының агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың басым бағыттарын қаржыландыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруына жарғылық капиталын ұлғайту жолымен 16043900000 (он алты миллиард қырық үш миллион тоғыз жүз мың) теңге бөлінсін.

көрсетілген қаулыға 1-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2008.05.20 N 478 , 2008.06.26 N 623 , 2008.07.17. N 695 , 2008.11.25. N 1084

Қаулыларымен.

3. Осы қаулының 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген қаражатты игеру " 2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының 8-тармағына сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік қолдауға бағытталатын қаражатты облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша ағымдағы нысаналы трансферттермен бөлу бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, "ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамы:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды қолдауға бағытталған іс-шараларды іске асыру жөніндегі қосымша шешімдерінің жобаларын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді;

2) қаражатты уақтылы және мақсатты пайдалануды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 14 наурыздағы
N 249 қаулысына

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.20 N 478 , 2008.06.26 N 623 Қаулыларымен.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың басым бағыттары бойынша іс-шараларды қаржыландыру

мың теңге

Іс-шаралардың атауы	Жиыны
Кейіннен еншілес акционерлік қоғамдарының жарғылық капиталын ұлғайта отырып, "ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту, оның ішінде:	16 043 900
	4 813 900

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ұлттық компаниясы АҚ	
Тамшымен суаруды қолдану арқылы жеміс-көкөніс өнімдерінің өндірісін дамыту	720 000
Ауыл шаруашылығы өнімінің көтерме сауда базарын салу	110 000
Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландыру (о.і. кредит беру арқылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын және дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін)	3 983 900
"ҚазАгроҚаржы" АҚ	7 230 000
Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды қаржыландыру (о.і. кейіннен лизингке беру үшін)	4 700 000
Технологиялық жабдықтар мен арнаулы техниканы сатып алуды қаржыландыру (о.і. кейіннен лизингке беру үшін)	1 550 000
Ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін қайта өңдеу бойынша жабдықтарды, сондай-ақ құс өсіру фермаларын құру үшін негізгі құралдарды сатып алуды қаржыландыру (о.і. кейіннен лизингке беру үшін)	980 000
"Аграрлық кредит корпорациясы" АҚ	3 500 000
Ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы өндірісі мен ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін өнеркәсіпке кредит беру	3 200 000
Ауылдық жерлердегі ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіпкерлік қызмет түрлеріне кредит беру	300 000
"Мал өнімдері корпорациясы" АҚ	500 000
Мал шаруашылығы өнімін сатып алу, қайта өңдеу, тасымалдау және сақтау	500 000

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 14 наурыздағы
N 249 қаулысына

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.10.22 N 977 Қаулысымен.

9	Қостанай облысы	1703534,0	208872,0	25340,0	976391,0			492931,0
10	Қызылорда облысы	895673,0	7477,0	2385,0	881214,0		1483,0	3114,0
11	Маңғыстау облысы	2407,0			2407,0			
12	Павлодар облысы	1250594,0	20694,0	25558,0	627101,0			577241,0
13	Солтүстік Қазақстан облысы	1398030,0	147365,0	8745,0	859128,0			382792,0
14	Оңтүстік Қазақстан облысы	1376915,0	70990,0	82391,0	650058,0	91692,0	208573,0	273211,0
15	Астана қаласы	1515,0			1515,0			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК